

Жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 наурыздағы N 195 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.05.2013 № 499 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің Үлгі ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 н а у р ы з д а ғ ы
N 1 9 5 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес меншік нысандарына және

ведомстволық бағыныстылығына қарамастан Қазақстан Республикасы жоғары кәсіптік білімінің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің тәртібін айқындайды. Z070319

2. Жоғары кәсіптік білім жоғары оқу орындарында: университеттерде, академияларда, институттарда және оларға теңестірілген ұйымдарда (консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище) алынады.

3. Жоғары оқу орындарының негізгі міндеті - ғылым мен практиканың жетістіктері, ұлттық және жалпы адами құндылықтар негізінде жеке адамды кәсіби тұрғыдан қалыптастыруға және дамытуға бағытталған жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын игеруге арналған қажетті жағдайлар жасау.

4. Жоғары оқу орны өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық кесімдеріне, сондай-ақ осы Ережеге және олардың негізінде әзірленген жоғары оқу орнының жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

2. Жоғары оқу орнының оқу-тәрбие процесі

5. Жоғары оқу орындарына қабылдау білім беру саласындағы орталық атқарушы орган бекітетін Жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережесіне сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады.

6. Жоғары оқу орындарында жоғары кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау жоғары кәсіптік білімнің оқытудың мазмұны мен мерзімдері әртүрлі білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

7. Жоғары оқу орындарында тиісті лицензиялар болған кезде жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік, қосымша кәсіптік білімнің мамандар даярлау мерзімдері мен деңгейі бойынша әртүрлі білім беру бағдарламалары іске асырылуы мүмкін.

8. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде жоғары оқу орны әзірлеген оқытудың әрбір нысанына арналған жұмыс бабындағы оқу жоспарларына, бағдарламаларына және оқу сабақтарының кестелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

9. Оқу жылының басталу және аяқталу уақыты оқу процесінің күнтізбелік кестесінде белгіленеді.

Бітіруші курстардан басқа, барлық курстарда оқу жылының ұзақтығы кемінде 30 аптаны құрайды. Емтихан сессияларының ұзақтығы бір оқу жылында кемінде 6 а п т а н ы к ұ р а у ы т и і с .

Ескерту. 9-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.09.28. N 934(алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Жоғары оқу орындарында оқу жұмысының мынадай негізгі түрлері белгіленеді: дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар, зертханалық жұмыстар, консультациялар, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, өз бетінше жұмыс, оқытушының жетекшілігімен студенттің өз бетінше жұмысы, білім алушылардың кәсіптік практикасы, тағылымдама, курстық жобалау (курстық жұмыс), дипломдық жобалау (дипломдық жұмыс), магистрлік диссертация.

Дәріс сабақтарын, әдетте, ғылым докторлары, профессорлар, ғылым кандидаттары, доценттер, аға оқытушылар жүргізеді. Жоғары оқу орындары ғылыми қызметкерлер дәрістер оқуға тартуы мүмкін.

Оқытушылар мен ассистенттер семинарларды, практикалық сабақтар мен зертханалық жұмыстарды ғана жүргізе алады.

Жоғары оқу орындары оқу сабақтарының басқа түрлерін де өткізе алады. Аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін ұзақтығы 40 минуттан кем емес академиялық сағат белгіленеді.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.28. N 934 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

11. Оқу сабақтарын ұйымдастыру мақсатында білім алушылар арасынан білім беру саласындағы орталық атқарушы орган белгілеген тәртіппен мамандық бейіні мен тілдік бөлінуіне сәйкес білім алушылар топтары қалыптастырылады.

12. Жоғары оқу орны оқу процесін мақсатты ұйымдастыру, оқытудың технологияларын, әдістерін, нысандары мен құралдарын таңдау жолымен білім алушылардың жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын игеруі үшін ж а ғ д а й л а р ж а с а й д ы .

13. Азаматтарды жеделдетілген оқыту мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдауды Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекітетін Жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережесіне сәйкес жоғары оқу орнының қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

14. Жеделдетілген оқыту мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқыту жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген және орта кәсіптік білімі бар адамдар үшін, және жоғары кәсіптік білімі бар адамдар үшін жеке бекітілген жұмыс бабындағы оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

Жоғары кәсіптік білімі бар адамдар үшін жұмыс бабындағы оқу жоспары екінші жоғары кәсіптік білім негізінен мамандарды кәсіби даярлауды көздейтінін ескере отырып, жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес жасалады.

15. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жоғары оқу орындарында жоғары білікті мамандар даярлаудың маңызды бөлігі жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес өткізілетін білім алушылардың кәсіптік практикасы, тағылымдамасы болып табылады.

16. Жоғары оқу орны білім беру бағдарламаларының, оның ішінде жеделдетілген оқыту мерзімімен қысқартылғандарының игерілу сапасын білім беру саласындағы орталық атқарушы орган белгілеген тәртіппен жүргізілетін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүзеге асыру жолымен бағалайды.

17. Жоғары кәсіптік білімді аяқтамаған азаматтарға жоғары оқу орны нысанын білім беру саласындағы орталық атқарушы орган белгілейтін анықтаманы береді.

3. Білім беру процесінің субъектілері

18. Жоғары оқу орындарында білім алушыларға студенттер, магистранттар, курсанттар, тыңдаушылар жатады.

19. Жоғары оқу орындарында білім алушылар "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалған құқықтар мен міндеттерге ие болады.

20. Жоғары оқу орнының педагогикалық қызметкерлері мен оларға теңестірілген адамдары лауазымдарының тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

21. Меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жоғары оқу орнының ғылыми-педагог қызметкерлері лауазымдарына орналасу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

22. Жоғары оқу орнының қызметкерлері "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген құқықтар мен міндеттерге ие болады.

4. Жоғары оқу орны құрылымдық бөлімшелерінің қызметі

23. Бірыңғай оқу-ғылыми-өндірістік кешен ретінде жұмыс істейтін жоғары оқу орнының құрамына жоғары оқу орнының құрылымдық бірлігі немесе заңды тұлға мәртебесі бар оқу, ғылыми, өндірістік және басқа да бөлімшелер кіруі мүмкін.

Медициналық жоғары оқу орындары оны қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған көздерден жүзеге асырылатын клиникалық базасы болған жағдайда ғана жұмыс істеуі мүмкін.

24. Жоғары оқу орнының құрылымдық бөлімшелері өз қызметін осы Ереженің, жоғары оқу орны жарғысының негізінде жүзеге асырады, ал олардың санын аталған жоғары оқу орнының мамандықтар жиынтығын, мамандануын, сондай-ақ білім алушылар мен оқытушылар санын негізге ала отырып ғылыми кеңес белгілейді.

25. Жоғары оқу орындарының филиалдары білім беру бағдарламаларын жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының әлеуметтік-гуманитарлық және ғылыми-жаратылыстану пәндері (жалпы білім беретін пәндер) көлемінде іске асырады.

26. Білім алушылардың жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының жалпы кәсіптік (базалық) және арнайы (бейіндік) пәндері бойынша оқу бағдарламаларын игеруі филиалды құрған жоғары оқу орындарында жалғасады.

27. Факультет жоғары оқу орнының бір немесе бірнеше ұқсас мамандықтар бойынша оқытуды, сондай-ақ факультет мамандықтарына жататын кафедралар мен зертханалардың ғылыми-зерттеу қызметін басқаруды жүзеге асыратын негізгі оқу, ғылыми және әкімшілік құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.28. N 934 (

алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

28. Факультет күндізгі, кешкі, сырттай, қашықтықтан оқыту нысандары бойынша және экстернат нысанында мамандар даярлауды жүзеге асырады.

Білім алушылардың келтірілген контингенті олардың күндізгі, сырттай және кешкі оқыту нысандары бойынша саны негізге алына отырып айқындалады. Бұл ретте оқытудың күндізгі нысанындағы студенттер 1,0, кешкі нысанындағылар 0,5 және сырттай нысанындағылар 0,25 коэффициентімен есепке алынады.

29. Факультеттің жұмысын басқаруды, әдетте, ғылыми дәрежесі мен атағы бар факультет басшысы жүзеге асырады. Факультет басшысының лауазымдық міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен а й қ ы н д а л а д ы .

30. Факультет басшысы жоғары оқу орны қабылдау комиссиясының мүшесі б о л ы п т а б ы л а д ы .

31. Жоғары оқу орындары факультеттер туралы өз ережелерін әзірлейді және бекітеді. Факультет басшысының жанынан және оның төрағалық етуімен факультет кеңесі ұйымдастырылуы мүмкін.

Факультет кеңесі өз жұмысын жоғары оқу орнының кеңесі бекіткен ережеге с ә й к е с ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

32. Кафедра жоғары оқу орнының (факультеттің, филиалдың) бір немесе бірнеше ұқсас пәндер бойынша оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмысын, білім алушылар арасында тәрбие жұмысын, сондай-ақ ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын негізгі оқу-ғылыми құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

33. Кафедраның штаты нормативтік оқу жүктемесіне, профессорлық-оқытушылық құрамының оқу жүктемесін жоспарлау жөніндегі қолданыстағы әдістемелік ұсынымдары бойынша белгіленеді.

34. Кафедра штатына кафедра жетекшісі, профессорлар, доценттер, аға оқытушылар, оқытушылар, ассистенттер, тағылымдамадан өтуші оқытушылар, оқу-көмекші персонал, сондай-ақ кафедра жанынан құрылған ғылыми және басқа да құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері кіреді.

35. Кафедраны ғылыми дәрежесі және/немесе ғылыми атағы бар басшы басқарады. Кафедра басшысының лауазымдық міндеттері Қазақстан республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады.

Ескерту. 35-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.28. N 934 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

36. Жоғары оқу орнының білім беру қызметін тиісті мамандықтар бойынша лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кафедраның бейіні бойынша кемінде 10 штаттық оқытушы болған жағдайда кафедра ұйымдастырылады, олардың кемінде 40%-ның ғылыми дәрежелері мен ғылыми а т а қ т а р ы б о л у ы т и і с .

Өнер, музыка және мәдениет, туризм мамандықтары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын кафедралар, сондай-ақ медициналық, дене тәрбиесі, сурет салу мен сызу, графика, шет тілдері, қазақ тілі, орыс тілі (тілдік емес жоғары оқу орындары үшін) кафедралары штаттағы оқытушылардың аз санымен ұ й ы м д а с т ы р ы л у ы м ү м к і н .

Ескерту. 36-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.28. N 934 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

37. Бекітілген оқу пәндерінің циклі бойынша кафедралар жалпы білім беретін және а р н а у л ы б о л ы п б ө л і н е д і .

38. Жоғары оқу орнында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басқа да мүдделі тараптардың арнаулы кафедралары ұ й ы м д а с т ы р ы л у ы м ү м к і н .

39. Кафедраның жұмысы жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес мамандарды теориялық және практикалық д а я р л а у ғ а б а ғ ы т т а л у ы т и і с .

40. Кафедра жұмыстың жылдық жоспарына сәйкес оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие қызметін жүзеге асырады. Кафедраның оқу-әдістемелік жұмысы:

1) жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде олар бойынша мамандарды даярлау мен бітіртіп шығару жүзеге асырылатын жұмыс оқу жоспарларын, жұмыс бабындағы оқу бағдарламаларын ә з і р л е у д і ;

2) кафедраның оқу пәндерін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыруды: оқулықтар, оқу құралдарын, есептер, кешенді тапсырмалар жинағын, зертханалық жұмыстарды, пәндерді оқыту жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды, сондай-ақ оқытудың барлық нысандары бойынша білімді ағымдық, аралық және қорытынды бақылау материалдарын әзірлеуді;

3) оқу сабақтарының барлық түрлерін кафедра пәндері бойынша жұмыс бабындағы оқу жоспарына сәйкес жүргізуді, оларды өткізудің сапасын қамтамасыз етуді;

4) білім алушылардың оқу материалын меңгеруін арттыратын қазіргі заманғы білім беру технологиялары мен оқыту нысандарын әзірлеуді және пайдалануды;

5) білім алушылардың іздену, талдау және қызмет нәтижесін тұжырымдау қабілетін дамытуға бағытталған өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруды және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді;

6) білім алушылардың барлық түрдегі кәсіптік практикаларын, тағлымдамадан өтуін, курстық және диплом жобаларын (жұмыстарын), магистрлік диссертацияларын ұйымдастыруды және басшылық жасауды, оларды әдістемелік қамтамасыз етуді;

7) кафедра түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуді;

8) мамандарды даярлауда кәсіпорындармен, ұйымдармен, мекемелермен іскерлік ынтымақтастықтың әр түрлі нысандарын дамытуды;

9) кафедраның бейініне сәйкес мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөніндегі оқу бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыруды қамтиды.

Кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысы:

1) бағыты мен тақырыбы кафедраның бейініне сәйкес келуі тиіс және зерделенетін ғылымдардың (пәндердің) теориялық және практикалық мәселелерін одан әрі дамыту тұрғысында перспективалы болып табылатын ғылыми зерттеулер жүргізуді;

2) магистратура, клиникалық ординатура, адъюнктура, ізденушілік, аспирантура, докторантура негізінде ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауды жүзеге асыруды;

3) кафедра бейіні бойынша диссертацияларды, ғылыми-зерттеу жұмыстарын талқылауды, рецензиялауды және олар бойынша қорытындылар дайындауды;

4) білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және басқаруды қамтиды.

Кафедраның тәрбие жұмысы:

1) білім алушылардың өз бетінше және құзыретті түрде шешім қабылдау және оларды іске асыру дағдыларын қалыптастыруды;

1-1) білім алушылардың патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және адамгершілік сезімін қалыптастыруға;

2) білім алушыларды салауатты өмір салтына, кафедраның қоғамдық іс-шараларына белсенді түрде қатысуға ынталандыруды;

3) кафедраның бейіні бойынша білім алушылардың ой-өрісін кеңейтуге, таңдаған мамандығына құндылықты тұрғыдағы қатынастар қалыптастыруға ықпал ететін тақырыптық іс-шаралар өткізуді;

4) жалпы орта білім беру ұйымдарының, кәсіптік мектептердің, кәсіптік лицейлердің, колледждердің білім алушылары арасында кәсіби бағдар беру жұмысын жүргізу.

Ескерту. 40-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.28. N 934 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

41. Кафедра қызметінің мәселелерін талқылау, тиісті шешімдер қабылдау үшін кафедра отырыстары айына бір рет өткізіледі.

42. Кафедрада оқу процесін және ғылыми-зерттеу қызметін қамтамасыз ететін оқу зертханалары мен басқа да оқу бөлімшелері болуы тиіс. Осы құрылымдардың міндеті - пәндердің үлгі және жұмыс бабындағы оқу бағдарламаларымен көзделген білім беру мазмұнын әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мен оқу сабақтарының барлық түрлеріне кафедра пәндері бойынша қызмет көрсету.

Мамандандырылған оқу зертханалары бірнеше кафедралар базасында құрылуы мүмкін.

Оқу зертханаларының штаты оның функционалдық қызметін қамтамасыз ететін оқу-көмекші персонал арасынан қалыптасады.

43. Кафедра мамандықтар мен мамандану пәндері бойынша оқу сабақтарын өткізу, барлық түрдегі оқу және өндірістік практикаларды, тағылымдамаларды ұйымдастыру мен өткізу, курстық жобаларды (жұмыстарды), диплом жобаларын (жұмыстарды), магистрлік диссертацияларды дайындау мақсатында өзінің бейініне сәйкес келетін кәсіпорындарда және басқа да ұйымдарда оқу бөлімшесін ұйымдастыруы мүмкін.

Кафедраның кәсіпорындардағы және басқа да ұйымдардағы оқу бөлімшелері жоғарыда көрсетілген заңды тұлғалардың әкімшілігімен келісім бойынша жоғары оқу орны басшысының бұйрығымен құрылады және таратылады.

Ескерту. 43-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.28. N 934 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

44. Кафедра жоғары оқу орны ғылыми кеңесінің шешімі негізінде жоғары оқу орны басшысының бұйрығымен, ал әскери (арнаулы) жоғары оқу орындарында тиісті орталық атқарушы орган басшысының бұйрығымен ұйымдастырылады және таратылады.

5. Жоғары оқу орнын басқару

45. Жоғары оқу орнын басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Ережеге және жоғары оқу орнының жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

46. Жоғары оқу орнын алқалық басқару нысандары ғылыми кеңес, қамқоршылық кеңес, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік кеңестер және жалпы жиналыс болып табылады, олардың мүшелерін сайлау тәртібін қоса алғанда, олардың жұмысын ұйымдастыру ережесін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекітеді.

47. Жоғары оқу орнын жалпы басқаруды ғылыми кеңес жүзеге асырады.

48. Жоғары оқу орнын тікелей басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тағайындалған басшы жүзеге асырады.

49. Мемлекеттік жоғары оқу орнының басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен үш жылда бір рет аттестаттаудан өтеді.

50. Жоғары оқу орнының басшысы өзінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыретіне сәйкес жоғары оқу орны қызметінің барлық мәселелерін дербес шешеді.

51. Жоғары оқу орнының басшысы жоғары оқу орнының атынан сенімхатсыз әрекет етеді, барлық органдарда оның мүдделерін білдіреді, заңнамада белгіленген тәртіппен жоғары оқу орындарының мүлкіне билік етеді, шарттар жасасады, сенімхаттар береді, банктік шоттар ашады және өзге де мәмілелер жасасады, барлық қызметкерлер, оқытушылар мен білім алушылар үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады.

52. Жоғары оқу орнының құрылымдық бөлімшелерін жалпы басқаруды сайланбалы өкілетті органдар - Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы, жоғары оқу орнының жарғысы белгілеген тәртіппен ғылыми кеңестер (кеңестер) жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК